



Бір әмірші әл-Фарабиді сарайында өтіп жатқан думанды кешке шақырған екен. Бірақ өзі оны бұрын бірде-бір рет көрмепті. Жұпыны киінген бір қарт есік ашып, отыруға рұқсат сұрапты. Сонда тақта отырған Әмір оған қарап: «Қалаған жеріңізге отырыңыз», – депті. Әл-Фараби сарайда отырғандардың ту сыртымен өрлеп барып, Әмірдің қасына отырады. Отырғандарға бұл мінез әдепсіздік болып көрінеді де, ыңғайсызданып қалады. Әмір өзі рұқсат берген соң пәлен дей алмайды. Бірақ, Әмір өзінің күзетшісіне белгісіз тілде былай дейді:

- Қазір сабыр ете тұр. Бұған сұрақ қойып, сынап көрейік. Жоғары орынға шығуға лайықсыз адам болса, жөнін көрсетеміз, – дейді.

Әл-Фараби олардың арасындағы жасырын тілді жақсы білетін еді. Сол тілде ол былай дейді:

- Дұрыс айтасыз. Әр нәрсенің сабырмен артын күту керек.
- Әмір оған таңданып:
- Сіз бұл тілді қайдан білесіз? – дегенде, әл-Фараби:
- Мен жетпіс екі тіл білемін, – деген екен.



Сонан кейін ол кісіге сол жерде отырған ғалымдар тарапынан көп сұрақтар қойылыпты. Әл-Фараби барлық сұраққа терең жауап беріпті. Әмірші оны сарайда алып қалып, сауық мәжілісін жасайды. Сарай музыканттары небір күйлер орындайды. Сонда әл-Фараби өзінің белінде байлаулы тұрған аспабын алып ойнағанда, бәрі мәз болады. Екінші ойнағада, әл-Фараби отырғандарды жылатып, үшінші ойнағанда отырғандар тегіс ұйықтап қалған екен. Әл Фараби «Шақырған әл-Фараби сізде болды, кетті», – деп хат тастап кетеді. Ал, ұйқыдан оянған Әмір оны іздетіп, таба алмаған деседі.



Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани (1906 жылы, қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Нұркен ауылы — 02.05.1997, Алматы) — геолог ғалым, тау-кен инженері, геология-минералогия ғылымдарының докторы (1946), профессор (1968), *ҚР Ұлттық ғылым академиясының алғашқы құрылтайшыларының бірі және академияның корреспондент мүшесі (1946)*, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1966).

– Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романында есімі Масанби деп ілтипатпен аталатын кейіпкер бар. Шын мәнінде ол – Машан би.

Осы Машан би Құнанбай қажымен таныс, біліс, сыйлас, құдандал адам болған. Қарқарлы өңірінің игі жақсылары болған аға сұлтан Құспек пен Жамантай төреге дейін Машан биді құрмет тұтыпты. Машан би қайтыс болғанда Жамантай төренің «Енді қазақта Машандай ұл туғанша қашан?» деп күйзелгені жұрттың аузында жүретін сөзге айналған.

Ал осы Машан бидің кенже ұлы Жақсыбек Қарқаралыда Әлімхан Ермеков ашқан техникумды бітірген. Жаңаша да, ескіше де хат таныған адам болған. Керемет домбырашылығы бар. Елде старшина боп қызмет еткен.

Жақсыбектің баласы Ақжан 1906 жылы 2қарашада туған. 1939 жылы қазақтың тау-кен институтын бітірген. 1960 жылдан бастап осында кафедра меңгерушісі болған. Геология саласында 200-ден астам ғылыми еңбек жазып жариялаған. Қазақстанда геомеханика мектебінің негізін қалаған. Ақбастау-Құсмұрын, Жосалы кен көздерін ашқан. Геология саласында қазақ тілінде алғашқы оқулықтар жазған. Геология тақырыбында жазған еңбектері Кеңес Одағы көлемінде жоғары бағаланған. Қаныш Сәтбаевпен бірге ҚазақКСР Ғылым академиясының іргетасын қаласып, оның тұңғыш мүше-корреспонденті болған.

Шәкірті Шәмшидин Әбдіраман Машанидың кім екенін, азаматтық ісін он екі тараптан тарқатып таныстырды:

- Ол – ХХ ғасырдың ортасында Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фарабидің Отырарда туған Қыпшақ перзенті екенін алғаш дәлелдеп, ұлы бабасын ұрпағымен қауыштырып, мұрасын зерттеуші;
- Ол – Дамаскідегі Баб ас-Сағир зиратынан әл-Фараби қабірін тауып, құлпытас орнатуға мұрындық болған азамат;
- Ол – ҚР ҰҒА-ның құрылтайшысының бірі;
- Ол – Жер ғылымының жаңа саласы – геомеханиканың негізін салушы және Қазақстанда оның мектебін құрушы;
- Ол – Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың тұңғыш түлегі, алғашқы аспиранты және 50 жылдай үзіліссіз мыңдаған инженер тәрбиелеген ұстаз;
- Ол – Жаңа кен орындарын ашушы инженер-геолог (Ақбастау, Құсмұрын, тағы да басқа кен орындарын ашқан);

- Ол – қазақ әдебиетінде ғылыми-көпшілік және фантастика жанры негізінде алғаш көркем шығарма жазушы;
- Ол – «әл-Фараби» (1970) тарихи деректі романында ұлы бабаның көркем бейнесін тұңғыш сомдаған қаламгер;
- Ол – Қазақтың екі ұлы данасы арасындағы рухани байланысын алғаш зерттеп, халқымыздың 1000 жылдық мәдени тарихын көрсетуде ренессанстық «әл-Фараби және Абай» (1994) монографиясын жазған абайтанушы;
- Ол – әл-Фараби мұрасын ғылыми-ислами және бүгінгі ғылым жетістіктері негізінде қазақтың ұлттық дүниетанымымен сабақтастыру нәтижесінде фарабитанудың жаңа бағытын ашқан теолог-зерттеуші;
- Ол – ХХ ғасырдың 40-шы жылдарында-ақ техникалық сөздік түзіп, оқулықтар жазу арқылы техникалық әдебиетте қазақ тілінің зор мүмкіндігін алғаш дәлелдеуші;
- Ол – жаратылыстану ғылымдарын гуманитарлық мазмұн-сипатында ұлттық құндылықтармен сабақтастыра дамытудағы бірегей тұлға.



«1960 жылдың басында менің алдымда екі айрық жол жатты. Бірі докторлық диссертацияны қорғау, екіншісі әл-Фараби бабамызға іздеу салу, оның мұраларын жинақтау. Егер мен бірінші жол айрығына бұрылсам, оған кем дегенде 4-5 жылды сарп етер ем. Ал, бұл өзбек ағайындарға әл-Фарабиді өзіне еншілеп алуға жетіп артылатын мерзім болатын. Мен диссертациямды столдың бір жақ бұрышына сырып қойып, ұлы бабамыздың мұрасын іздеуге кірісіп кеттім»

Ақжан әл Машани

ӘЛ-ФАРАБИ ҚАЛАЙ ҚАЗАҚ БОЛДЫ?

1940 жылы ол кісі әл-Фараби туралы естиді. Қ.Сәтбаев академияны құрар кезде өзге елдің академиктерімен жиі кеңесіп тұрыпты. Арнайы шақырып баяндама жасатады екен. Бірде Чехословакияның ғылым академиясының президенті Кольман келеді. Ол баяндамасында: «Ғылымның негізін салған Тұранның ойшылдары. Олар әт-Туси, әл-Фараби, әл-Хорезми, әл-Беруни», – деп тізбелейді. Әлгі аталған есімдердің барлығын Ақжан ағамыз біліп отырыпты. Тек ішінде әл-Фараби туралы ештеңе білмейді. Ешбір ел біздің ғалым деп меншіктемеген. Сөйтіп, Лондон, Каир, Париж, Берлин, Лиссабон, Бейрут тәрізді қалалардың ең ірі кітапханаларына 1958 жылдан бастап хат жазып, әл-Фарибидің мұраларын жинастырады. Бастапқыда арабтың ғалымы деп ойлайды. Соңынан арабтың ғалымы емес екеніне көзі жетеді. Жан-жаққа хат жазып әл-Фарабидің біраз еңбегін жинайды.

1961 жылы академияның хабаршысының №5 санында «Әл-Фараби және оның мұралары» деген алғашқы мақаласы шығады. Бұған дейін Ақжаннан басқа қазақ топырағында әл-Фараби туралы айтқан ешкім болған жоқ. «Білім және еңбектің» 1962 жылғы бірінші санында әл-Фараби туралы мақала жарияланды. Омырауы ашық, қыпшақ шапанның ішінен кісе белбеу таққан әл-Фарабидің түрегеп тұрған бейнесі мақалаға қоса беріледі. Онда оң қолы үстел үстіндегі адам құшағына әрең сыятындай кітапты, сол қолы кісе белбеуді ұстап тұр екен. Кісе белбеуді ұстап тұруы – қыпшақ даласының перзенті екенін мақтан еткендей әсер қалдырады. Қаба сақалды бабаның басындағы бөрікті де арабтың баскиіміне ұқсату мүмкін емес, ол қыпшақ бөркі. Тек аяғына іле салған жеңіл шәркесі ғана оның ыстық өлкедегі ғұмырын елестетеді. Одан кейін «Юнный техник» журналында «Аристотель востока» деген кішкентай ғана мақала жарыққа шықты.



1968 жылы Машани Дамаскіге әл-Фарабидің қорымына барды. Қорымы патшалар жерленетін мекенде екен. Дамаскідегі қорым жермен жексен болып кетіпті. Бастапқыда әл-Фарабидің зираты екеніне күмәнданады. Жергілікті халық: «Бұл жерде патшалар мен патшалар құрметтеген сыйлы адамдар ғана жерленеді. Әрқайсысының аты жазылып, нөмірленген», – дейді. Бабасының қараусыз қорымына жергілікті халықтың көмегімен арнайы белгі орнатады. Әл-Фарабидің зиратынан топырақ әкеп, Отырардың үйіндісіне шашады. Машани ізденісін тоқтатпады. Әйгілі ғұлама Птоломейдің арнайы карта жасап, Отырарды әл-Фарабидің туған жері деп көрсетіп кеткен бұлтартпас дәлелін табады. Сөйтіп, ЮНЕСКО тарапынан «әл-Фараби ұлы ғалымдар қатарында халықаралық тізімге кіргізілсін, оның 1100 жылдық мерейтойы КСРО-да, отаны Қазақстанда тойлансын», – деген қаулы қабылданады.

Еңбектері:

- Как образовались горы, А., 1939;
- Геометрические методы изучения структуры рудных полей, А.-А., 1946;
- Жер сілкінісі, А., 1949;
- Жер құрылымы, А., 1949;
- Терминологический русско-казахский словарь/геология, горное дело и металлургия, А.-А., 1950;
- Жер астына саяхат, А., 1957;
- Механика массива горных пород, А., 1961;
- Кристаллография, минерология және петрография, А., 1969;
- Әл-Фараби, А., 1971;
- Космология Аль-Фараби, А., 1971;
- Основы горной механики, А., 1972; ұ
- Ғажайып от ошағында, А., 1978;
- Основы геомеханики скально-трещиноватых пород, А., 1985;
- Геомеханика, А., 1994;
- Ай арысы, А., 1996;
- Космос және космология, А., 1999;
- әл-Фараби және бүгінгі ғылым, А., 2004.



КСРО-НЫҢ КЕЗІНДЕ МЕШІТТЕ НАМАЗ ОҚЫҒАН...

«Ақжан Машани басына сәлде таққан молданы насихаттап жүр», – деген айып тағылды. Үстін-үстін тексерулер болды. Ол кісі намазын қаза қылмаған жан. Жұма сайын мешітке барып намаз оқиды. Кеңес өкіметі тұсында профессордың мешітке барып намаз оқуы – Ақжаннан басқа ешкімнің қолынан келген емес. «50 жасқа келгенде, шәкірт болып, имамдардың алдында тізе бүктім. Араб тілінде жазбасам да, әл-Фарабиді түсінетіндей дәрежеде тіл білуім керек қой», – деген еді өзі. Содан соңынан «үш әріп» қалмай, мазасын алған. «Қазақ ғалымдары арақ-шарап ішкенше, ата-баба жолымен жүргені дұрыс емес пе?!» – дегенді де сол кезде-ақ айтты. Жаны ашығандар: «Намазды мешітте оқымай-ақ, үйіңізде жасырын оқи берсеңіз неңіз кетеді», – дейді. Бірақ, Машани Құдай жолынан адаспады...

ҚОНАЕВҚА ПАРТБИЛЕТІН ҚАЙТАРМАҚ БОЛҒАН...

Бірде Қонаевтың қабылдауына жазылады. Қонаев бір сөзге келместен бірден қабылдауға шақырады.

– Ақа, сіз тек сәлем беру үшін ғана келмедіңіз. Шаруаңызды айта отырыңыз, қолдан келсе, көмек жасайын, – дейді Дінмұхамед Ахметұлы.

– Димаш, билетімді басқа емес, өзіңе тапсыруға келдім, – деп, қалтасындағы партбилетін алып, Қонаевтың алдына қоя салыпты сонда. Ақаң сияқты азаматтар әдетте үй немесе көлік сұрап келетініне үйреніп қалған Қонаев әуелгіде не істерін білмей абыржып қалады. Билетті қолына алып, ары-бері аударыстырып қарай бастайды. Сөйтеді де:

– Ақа, мұныңыз не, сізге ешкім билетіңізді тапсыр деген жоқ қой, – деп қызыл билетті Ақаңа қарай ысыра бастайды.

– Бүгін тапсыр демесе, ертең тапсыр дейді бәрібір, – деп Ақаң билетті Қонаевқа қарай ысырады. – Жақсы атпен мұны өзіңізге қайтарайын...

Машановтың жайына қаныққан бірінші хатшы жалма-жан идеология жөніндегі хатшы С.Имашовпен телефон арқылы байланысып:

– Саттар, менде Фарабиді қазаққа баба еткен ғалым Ақжан Машанов отыр. Енді ғалымның мазасын алмаңдар, зерттеуін жүргізе берсін! – депті. Содан бастап, Машанидың құлағы тынышталыпты.

АҚСАҚАЛДЫҢ КӨЗ-ЖАСЫ...

1996 жылдың жазында Ғылым академиясының 50 жылдығына арналған жиналыс болды. Соған Ақжан ағаны өз өтініші бойынша мен ертіп бардым. Таңеретең тоғыз жарымда ағаны «Ғалымдар үйіне» қолтықтап алып келіп, есікке таяна бергенде, күзетші жігіттер алдымызды кес-кестей тұра қалды.

– Ақсақал, шақыруыңызды көрсетіңіз!

Аға абыржып қалды.

– Айналайындар, шақыртуымды ешкім әкеп берген жоқ. Бірақ, мен... – дей бергенде:

– Шақырусыз ешкім жіберілмесін деген нұсқау бар. Қонақтарға жол беріңіз! – деп ағаны кеудесінен итеріп жібергендей болды. «Балам, мен осы академияның құрушысының бірімін» – деген сөзін күзетшілер құлағына да ілмеді. Тіпті куәлігін көрсеткен ағаның қолын қағып жіберді. Қолынан балдағы түсіп кетті. Таяғын көтеріп, қолына ұстатқанымда, ағаның көзінен ыршып шыққан жасты байқадым. Тап сол мезетте жанымызға сол кездегі Сенат төрағасы Өмірбек Байгелді келе қалып, Ақанды қолтықтап ішке алып кетті.

МАШАНИДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ...

Ақжанның бірінші әйелін үй-іші техникумды бітірген соң алып берген екен. Бірақ Семейде жүргенде әйелін төркініне апарып тастайды. Онда бір қыз қалады. Ағайындарымен сөйлескенімде, құрсақта бала кеткен дейді. Одан кейін өзімен бірге оқыған Раиса деген татар әйелмен шаңырақ көтереді. Ол кісімен 1963 жылға дейін отасты. Одан Аррат деген ұл туған. Ол Олжас Сүлейменовпен бірге бір мектепте оқыған. Динара деген қызы бізбен қатар оқыды. Сосын Әлішер деген ұлы бар. ҚазҰТУ-да профессор. Ел ағасы болатын жастан өтіп барады. Бірақ аса көп жетістігі жоқ. Раисамен ажарасуға себеп болды, оны жалпыға жариялап керек емес. Одан кейінгі алған әйелі аурушаң болыпты. Ақаңның өзіне де күтім керек. Сол себепті екеуі ұзақ тұрмапты. Төртінші рет өзінен қырық жас кіші Жамал деген әйелге үйленеді. Жамалдың бір ерекшелігі күйеуінің жағасын кірлетпеді. Шаруашылықты өзі алып жүрді. Жамалдан Абдолла деген ұлы болды. Еті тірі еді. Бірақ, ащы да болса, шындық – ол бала нашақор болып кетті. Біраз уақыт емделіп, жөнделгендей болды. Ақаң туралы кездесу ұйымдастырғанда, жүгіріп жүрді. Бұл жақтағы қисық жолдағы достарынан аластату үшін Түркістан жақтағы ағайындарына жіберді. Сөйтіп жүріп татар қызға үйленді. «Папам да татар әйелге үйленді ғой», – депті. Абдолладан кішкентай ұл қалды. Күндердің күнінде «шырмауыққа» шырмалып қалған Абдолланың өлі денесі өз үйінен табылды. Бір-екі күн жатып қалса керек, тапқан күні асығыс-үсігіс жерленді. Айтпақшы, Машанидың қызы Мәскеуде. Сонда орысқа ма, еврейге ме, тұрмысқа шыққан. Балалары бар. Міне, бұл Ақжан Машанидың трагедиясы.

Ақжан Машанидың ғылымдағы еңбегін ЮНЕСКО мойындап, 2007 жылы 100 жылдығын айтулы күнтізбеге енгізді. Бүгінде Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың Жаратылыстану институтына әл-Машани аты берілген, университетте әл-Машани мұраларын зерттейтін орталық және ғалымның атында аудитория бар. Одан бөлек Алматыда «Алмагүл» ықшам ауданындағы бір көшеге аты берілген көрінеді... Құранды тәпсірлеп, төте жазумен жазған қолжазбасын зайыбы Жамал сақтай алмаған көрінеді.

https://www.youtube.com/watch?v=qo2G7Z-w6_o